

#7-8
(1021-1022)
28 ақпан
2025 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АУЫЗАШАР. ИФТАР ЕМЕС

Бас мүфти НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ:

«Жастарды діни терминдерді қазақша айтуға шақырамын. Өкінішке қарай, кейбір жас буын өкілдерінің ауызашарды - ифтар, сәресін - сухур деп айтып жүргені көңілге қаяу түсіреді. Сан ғасырдан бері мұсылмандық жолды ұстанған ата-бабаларымыз ауызашар, сәресі деген сөздерді қолданған. Біз де бабалар жолын ұстанған ұрпақ ретінде өзге тілден енген діни терминдерден барынша аулақ болып, өзіміздің ата-бабамыздан қалған жақсы сөздерді қолданып, өзіміздің ана тілімізге құрмет көрсетіп, қазақша сөйлеуге тырысайық».



✓ BRENT \$72,84

✓ USD 503 T

✓ EUR 528 T

✓ RUB 5.8 T

АПТАНЫҢ БОЛЖАМЫ

Арман ШАҚҚАЛИЕВ,
сауда және
интеграция
министрі:

«Талай жылғы тәжірибеге сенсек, бұл айда (Рамазан айында – ред.) сауда нүктелері көп жеңілдік жасауға тырысады. Дін ұстанған адамдар бұл айда пайда тапқаннан гөрі, қайырымды іс істеуге асығады. Бұл – жақсылық пен мейірім мерекесі саналады».



АПТАНЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

Еділ ЖАҢБЫРШИН,
Мәжіліс депутаты:

«Біз адамдарды қорғауымыз керек. Менде көптеген фактілер бар. Оның ішінде балалардың бетін тістеп алған, енді бір астаналық тұрғынның өкшесін жұлып, кейін азамат мүгедек болып қалған. Сол себепті көшеде ешқандай бұралқы ит жүрмеуге тиіс. Әрине, әр жағдайды жақсылап тергеп-тексеру қажет. Қазір атуға немесе арнайы дәрімен ұйықтатуға тек агрессия көрсеткен ауру итті ғана рұқсат берілген».



АПТАНЫҢ АЙТЫСЫ



Әнес БАҚҚОЖАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Біз кеңестік кезеңде мектепте оқыдық. Сол кезде жыл сайын күзде балалар ауыл шаруашылығы жұмыстарына

баратын. Ауыл тұрғындары осыны жақсы біледі. Ауылдағы балалар шаруаның өнімді алу үшін маңдай терін төгіп жүргенін, өнім қалай алынатынын біледі. Қазір халықаралық конвенцияға байланысты балалардың еңбегіне тыйым салуды қабылдадық. Бірақ қазір жастарға қарасақ, ысырапшыл. Далада картоп немесе сәбіз жатса, жерден алып көтермейді. Сонымен қатар, азық-түліктің бәрі егістікте емес, дүкен сөресінде өседі деп ойлайды. Сондықтан мектеп оқушыларын, студенттерді ауыл шаруашылығына неге жұмылдырмаймыз?! Жұмыс істесін деп айтып тұрған жоқпыз. Бірақ ауыл шаруашылығына қатысты түрлі тегін көрмелерге барғаны дұрыс болар еді. Жыл сайын осындай 4-5 көрме ұйымдастырылады. Балалар осы көрмелерде техникамен танысып, малды бағу жұмыстарынан жалпы түсінік алады».



Еділ ОСПАН, оқу-ағарту вице-министрі:

«Оқушылар еңбек пәні аясында тәлім алып жатыр. Сондай-ақ мектептің айналасында жылыжайларды құру бойынша жұмысты атқарып отырмыз. Осы іс-шаралар тәрбие жұмысы бағытында ұйымдастырылды. Қазір балаларды ауыл шаруашылығындағы даладағы еңбекке жаппай тарту ұсынысын қолдамаймыз. Атап айтқанда, оқушыларды еңбек алаңдарының қызметімен таныстыруды, көрмелерге баруын ұйымдастырамыз. Биыл жұмысшы мамандықтар жылы аясында тиісті іс-шаралар бекітілген. Бұл тұрғыда жоғары сынып оқушыларын өндіріс алаңдарына алып бару ескерілген».

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАС ЖАЗУШЫЛАР МЕН АҚЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫ 2023 ЖЫЛЫ ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛЫП, ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. БҰЛ – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖАҢҒЫРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАСТАМАЛАРЫНЫҢ БІРІ. СЫЙЛЫҚТЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ, ЖАҢА ТУИНДЫЛАРДЫҢ ЖАРЫҚ КӨРУІНЕ ЖОЛ АШУ».

Осы аптада өткен 2024 жылғы жастарға арналған Президенттік арнаулы әдеби сыйлық жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева осылай деді.

ӘДЕБИЕТТІ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРУ



Жиында мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағының стратегиялық әріптестігі аясында «Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасымен жарық көрген 20 жас қаламгердің кітаптарының тұсаукесері өтті. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері және министрлік жанынан құрылған «Алқа» жастар әдеби клубының мүшелері қатысты.

Аида Балаева өз сөзінде: «Мемлекет басшысының мәдениет пен өнерді дамытуға ерекше мән беруі – оның ұстанып отырған реформалары мен бастамаларының заңды жалғасы. Өйткені мәдениетті, әдебиетті дамыту – жас ұрпақтың жан-жақты дамуының негізгі тетіктерінің бірі. Ал рухани тұрғыдан кемелденген, білімді, еңбексүйгіш әрі патриот азаматтардан құралған қоғамда Заң мен Тәртіп үстемдік құрады. Адамдар өз әрекеттері үшін жауапкершілік алады. Дәстүрге құрметпен қарап, ұлттың негізгі

құндылықтарын ардақтайды», – деді Аида Балаева.

Министр халқымыздың негізгі құндылықтарын насихаттау – әдебиет қайраткерлеріне жүктелер ауыр әрі мәртебелі міндет екенін атап өтті. Сондай-ақ, ақын-жазушылар қоғамның моральдық бағыт-бағдарын айқындайтын рухани көшбасшылар екеніне тоқталды: «Сіздер өз замандарыңыздың бейнесін жаңаша жазып, жаңа көзқарас қалыптастыруға тиіссіздер. Ұлы қаламгерлердің жолын жалғастырып қана қоймай, әдебиетті жаңа белеске көтеру – сіздердің қолдарыңызда. 20 ғасырдағы әдебиет адамның жан әлемін тереңнен суреттесе, 21 ғасырдың

қаламгерлері жаңа технологиялар дәуіріндегі адам тағдыры, жаһандану мен ұлттық болмыс, жеке тұлғаның күресі секілді тақырыптарға қалам тербеуі керек».

Басқосуда бүгінгі әдеби тенденциялар мен өзекті мәселелер талқыланып, түрлі ұсыныс-пікірлер көтерілді.

Еліміздегі жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттік арнаулы әдеби сыйлығы «Проза» номинациясы бойынша «2026» шығармасы үшін Есбол Социалханға, «Поэзия» номинациясы бойынша «Боз ұшқат» өлеңдер жинағы үшін Жәнібек Бақытұлы Әлимановқа, «Драматургия» номинациясы бойынша «Апатай» драмалық туындысы үшін Әлішер Жеңісұлы Айтуарға, «Балалар әдебиеті» номинациясы бойынша «Рокет Ера» повесі үшін Әсет Жүкенұлы Сыздықовқа берілді.



Әдеби сыйлыққа 18-35 жас аралығындағы қаламгерлер бұрын халықаралық және ұлттық байқауларға қатыспаған туындыларымен қатысты.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметінің жарияланымы негізінде дайындалды

АҚШАНЫ ОФШОРҒА ДА ЖАСЫРА АЛМАЙДЫ



**ЖЫЛ САЙЫН ЭЫДҰ-ҒА ҚАТЫСУШЫ
ЕЛДЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІ ОРГАНДАРЫ
АВТОМАТТЫ АЛМАСУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ
СТАНДАРТЫ (CRS) ШЕҢБЕРІНДЕ ЖЕКЕ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, СОНДАЙ-
АҚ БЕНЕФИЦИАРЛЫҚ МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ
ШОТТАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРМЕН
АЛМАСАДЫ.**

*** Мемлекеттік кіріс комитеті шет елдердің салық органдарынан алған ақпарат негізінде екі мыңнан астам Қазақстан азаматының шоттарын тексерді. Соның нәтижесінде 1 602 отандасымыз 5,4 млрд теңге жеке табыс салығын (ЖТБ) төлеуге мәжбүр болды.

*** Алынған кірістен, соның ішінде дивиденд мен сыйақы түріндегі ең көп сома Біріккен Араб Әмірліктері, Ұлыбритания, Қытай Халық Республикасы, Түркия және т. б. елдерге тиесілі.

Қазақстан CRS шеңберіндегі ынтымақтастық географиясын кеңейтуді жалғастырып жатыр.

***** ОФШОРДАҒЫ ҚАРЖЫ – 1,4 МЛРД Т
ОНЫҢ ІШІНДЕ**

ПАНАМА РЕСПУБЛИКАСЫ ⇒		1,2 млрд Т
ВАНУАТУ ⇒		0,2 млрд Т
САН-МАРИНО ⇒		0,1 млрд Т

2021 жылы дерек алмасу 51 юрисдикциямен жүзеге асырылса, 2024 жылы олардың саны 89-ға жетті. Оның ішінде 26-сы офшорлық ел. ЭЫДҰ әзірлеген бұл тетік капиталды заңсыз шығаруға қарсы күресте маңызды құрал

Алдағы уақытта еліміз салық ашықтығы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтады. Бұл бюджеттің бүйірін толтыруға сеп.

Jas Qazaq


Дерек көзі: Мемлекеттік кіріс комитеті

«FORBES» ЖУРНАЛЫ ЕУРОПАНЫҢ БЕТКЕҰСТАР ЕЛІ ГЕРМАНИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛҒА ТОҚТАЛЫПТЫ. БАСЫЛЫМ КӘРІ ҚҰРЛЫҚТЫҢ СОҢҒЫ ЖАРТЫ ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХЫН БАЯНДАҒАН «HOMELANDS» (ЖҰРТ) КІТАБЫНЫҢ АВТОРЫ ТИМОТИ ГАРТОН ЕШТІҢ (TIMOTHY GARTON ASH) МЫНА БІР СӨЗІНЕ ЖҮГІНЕДІ: «АЛМАНИЯ КЕШ ОЯНДЫ. СЕБЕБІ ОНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ӨЗГЕЛЕРДЕН КӨШ ІЛГЕРІ ЕДІ. БАСҚАЛАР ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЫЗ ДАҒДАРЫСЫМЕН АРПАЛЫСЫП ЖАТҚАНДА НЕМІСТЕР ҮЗДІКСІЗ ӨРКЕНДЕДІ. БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУДЫ, КЕЛЕШЕКТІ ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ КӨРМЕДІ. БҰЛ – САЯСИ, ІСКЕРЛІК, СОНДАЙ-АҚ, БЕЛГІЛІ БІР ДӘРЕЖЕДЕ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМҒА АЙТЫЛАР АУЫР СЫН. ӨЙТКЕНІ КӨКЖИЕККЕ КӨЗ САЛУ, ТАП ІРГЕДЕН ҚЫЛАҢ БЕРГЕН ТАУҚЫМЕТТІ БАЙҚАУ СОЛАРДЫҢ МІНДЕТІ ЕДІ».

су электр стансаларының қуаты мардымсыз. Амал жоқ, көмір мен атомға қайта жүгінуге тура келеді...

Сәтсіз тәжірибеден таяқ жеген тарап – алып өндіріс ошақтары. «Геоэнергетика» Телеграм каналының «The Financial Times» газетіне сілтеме жасай отырып берген мәліметіне жүгінсек, электр бағасының қымбаттауы бір кездегі қуатты экономиканы тоқырауға ұшыратты. «Бизнес әлемінің барометрі» атанған басылым нақты дерек келтіреді. 2020 жылдан бастап Германия өнеркәсібі 250 мың адамды жұмыстан босатты. Өте-мөте зардап шеккен салалар – химия және автомобиль секторлары. Көлік жасаушыларда бұл көрсеткіш 11 мыңнан асып кетті. Тапсырыс жоқтың

НЕМІС «МӘШИНЕСІ»: КӨКЖИЕКТІ КӨРМЕУ



Жазушы қиындық деп қуат көздері тапшылығына меңзейді. Неміс билігі бірінші болып қазба отыннан бас тартуға бел байлады. Күн мен желге иек артып, жаңғыртпалы энергия көздерін (ЖЭК) игеруге күш салды. Еуроодақ басшылығы «Тек жасыл энергия!» деп ұран тастағанда қызу қолдап, атом электр стансаларын жауып тастады. Дегенмен екі өлшеп, бір кесетін Ангела Меркел үкіметті басқарып тұрғанда орыстың арзан газынан бас тартқан жоқ. Оның ізбасары (Олаф Шольц) олай болмай шықты. Вашингтон мен Брюссельдің бәтуасына басын шұлғи берді.

Сөйтіп Сібірден тартылған «көгілдір отын» құбырдың аузы бітелді.

Көп болып қабылданған қарар үнемі жемісін бермейді. Әсіресе, экономиканың кілтипаны көп энергетика саласында. Журналист Волфганг Мюнхау жазғандай, «Мәмілегер қауымның осыл тұсы мынада. Кейде ортақ байлам қателікке әкеп соғады. Сорақысы сол, бұрыс шешімді түзететін сенімді тетік жоқ».

Айтқаны дәл келді. «Табиғаттан тегін энергияны қарпып аламыз» деген үміт ақталмады. Бірнеше жылдан бері Алманияда жел бәсең. Аптап ыстықтан өзен тартылып,

қасы. Құрал-жабдық қаңтарылып тұр. Алпауыт компаниялар инвестиция іздеп, бірінен соң бірі капиталын шетке шығаруда. Бизнеске жайлы мекен керек. Өйткені, басты бәсекелестер – Қытай мен АҚШ-тағы компаниялар үшін электр энергиясы әлдеқайда арзан.

Алманияда парламент сайлауы өтті. Енді жаңа үкімет халықаралық саясат емес, ең алдымен экономикаға мән бере ме? Жеңімпаз партияның алғашқы мәлімдемесіне қарап, сауалдың тым қиын екені байқайсыз.

Срайыл СМАЙЫЛ

**БИЫЛ ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ 1 НАУРЫЗДА
БАСТАЛАДЫ. ОРАЗА ҰСТАУҒА НИЕТ БІЛДІРГЕН ЕЛДЕГІ
МҰСЫЛМАН ҚАУЫМ ОРАЗА АЛДЫН АЛА ҚАМДАНЫП,
ДАЙЫНДАЛА БАСТАЙДЫ.**

«Рамазан оразасына қатысты пәтуалар» кітабынан үзінді жариялап, «Рамазан айында арақ-шарап ішуге бола ма» деген сауалға жауап берген еді.

«АЛЛА ЖЕҢІЛДІГІН ҚАЛАЙДЫ, ҚИЫНДЫҚПЕН ҚИНАМАЙДЫ»



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Рамазан айы қарсаңында өткізген баспасөз маслихатында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы кәсіпкерлерге үндеу тастап, дүкендерде арақ-шарап сатылмаса деген тілегін жеткізді.

«Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Рамазан айына тура келген құдайы астарды ауызашар уақытында өткізіп, көбірек сауап алуға тырысайық», – деді ол.

Наурызбай қажы Тағанұлы қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да сауапты істің бірі екенін жеткізді:


«Бұл айда тек табысқа кенелуге емес, ең бастысы Хақтың разылығы мен халықтың алғысын алуға асыққан абзал. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземіз».

Бұған дейін Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы

ҚМДБ жауабында: «Арақ-шарап ішу – дінімізде харам, үлкен күнә саналатыны» айтылған. Әрмен қарай: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім арақ ішетін болса, оның қырық күндік намазы қабыл болмайды» деген. Тағы бір хадисте: «Кім арақ ішсе, оның қырық күндік намазы қабыл болмайды. Егер тәубе етсе, Алла оның тәубесін қабыл етеді. Одан кейін тағы да арақ ішсе, Алла оның қырық күн намазын қабыл етпейді. Егер тәубе етсе, Алла тәубесін қабыл етеді. Бұдан кейін тағы арақ ішсе, Алла оның тағы да қырық күндік намазын қабылдамайды. Бұл ісіне тәубе етсе, тәубесі қабыл етіледі. Ал төртінші рет тағы да арақ ішсе, Алла оның қырық күндік намазын қабыл етпейді. Егер тәубе етсе, Алла оның тәубесін қабыл етпейді де оны «хабәл» (тозақтықтардың іріңінен жиналған) өзенінен сусындандырады» делінген», – делінді.

Сондай-ақ ораза ұстаушы Рамазан айынан екі күн бұрын арақ ішіп, соңынан шынайы тәубе етсе, Алла оның тәубесін қабыл ететіні айтылды. Оның оразасы арақ ішпей ораза тұтқан адамның оразасындай болады. Ал ораза ұстап арақ ішуін доғармаса, оразасы дұрыс болады, бірақ сауабы болмайды. Арақ ішкені үшін күнә арқалайды.

Баспасөз мәслихатында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы көпшіліктің көкейіндегі сауалдарға жауап берді.



Сурет: ашық дереккөздерден

ИФТАР ЕМЕС — АУЫЗАШАР!

Кейбір жас буын өкілдерінің ауызашарды «ифтар», сәресін «сухур» деп айтып жүргені көңілге қаяу түсіреді. Сан ғасырдан бері мұсылмандық жолды ұстанған ата-бабаларымыз ауызашар, сәресі деген сөздерді қолданған. Біз де бабалар жолын ұстанған ұрпақ ретінде өзге тілден енген діни терминдерден барынша арылуымыз керек.

АУЫЗАШАР БЕРУ ҮШІН НЕСИЕ АЛУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Ислам діні адамға ешуақытта қиыншылықты бұйырмайды. Сондықтан шамасы келген адам садақа, шамасы келген адам ауызашар береді. Пайғамбарымыз сахабаларға ауызашар туралы айтқан кезде олар Алла елшісіне біздің барлығымыздың ауызашар беруге шамамыз келе бермейді ғой дегенде, пайғамбарымыз бір түйір құрма немесе бір жұтым су берсеңіз де сондай үлкен сауап аласыз дейді.

Қарызға батып ауызашар бергеннен гөрі ауызашар беруге ниет қылған адам ауыз ашатын адамға кішкентай құрма, су болсын берсе, соның өзі жеткілікті.

ОРАЗА ҰСТАУ КІМГЕ МІНДЕТ ЕМЕС?

Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ жүкті немесе емізулі баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінгі уақытқа қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Құранның «Бақара» сүресінің 185-аятында «Алла сендерге (әр нәрсенің) жеңілдігін қалайды, қиындықпен қинамайды» делінген. Расында, Ислам діні ауыз бекітуге, зекет пен садақа беруге шамасы келмейтін адамдарды ауыртпалықтан босатқан. Ал мүлде ораза ұстауға, садақа беруге жағдайы жетпеген жандар Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айтып, үнемі дұға-тілекте болуы керек.

**Ораза қабыл болсын,
АҒАЙЫН!**

ЖАҚЫНДА SDU UNIVERSITY-ДЕ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ «ЖУРНАЛИСТИКА» МЕКТЕБІ МЕН «БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫНЫҢ» ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МЕДИАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ. ЖИЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ҚАЗАҚ МЕДИА КЕҢІСТІГІНЕ ЫҚПАЛЫ, ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАҢА ФОРМАТТАРЫ МЕН АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ



журналистиканың ажырамас бөлігіне айналуға. Бұл технологияның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана білу кәсіби журналистиканың дамуына жаңа серпін береді», – деп атап өтті.

Форумда жасанды интеллекттің қазақ медиа кеңістігіне ықпалы, оның журналистикадағы жаңа мүмкіндіктері талқыланды. Цифрлық медиадағы трендтер мен ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де

өтіп, жас журналистер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Ақпараттық манипуляция, фактчекинг, этика және жасанды интеллекттің медиадағы орны сияқты тақырыптар талқыланып, сарапшылар өз тәжірибелерімен бөлісті.

Форум қорытындысы бойынша қатысушылар жасанды интеллекттің қазақ медиасын дамытуға ықпалы зор екенін,

Парламент Сенатының депутаты, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай өз сөзінде жасанды интеллекттің қазақ журналистикасына әкелетін мүмкіндіктері мен қауіпін тоқталды. Сенатор: «Технологиялық революцияның оң да, теріс те әсері бар екенін есте ұстап, оған дайын болу керек. Жасанды интеллект уақыт үнемдеп, жұмысты жеңілдеткенімен қатар, авторлық құқық, жалған ақпарат, ақпараттық қауіпсіздік жағынан да қатер туғызуы мүмкін. Сондықтан заңнамалық реттеу де болуы керек. 2025 жылы Парламентте жасанды интеллект туралы арнайы заң жобасын қарау жоспарда бар», – деді.

Оның айтуынша, ЖИ арқылы өңірлік журналистика, басылымдарды жаңа деңгейге көтеруге болады.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы. «Жасанды интеллект – бүгінгі



назардан тыс қалмады. Спикерлер ЖИ-нің журналистикаға әкелген өзгерістерін, контент өндірісіндегі автоматтандыру мен медианың болашақ форматтарын сөз етті.

Журналистика мамандығының студенттері жасанды интеллект көмегімен бір суретті ғана пайдаланып, бірнеше тілде ақпарат беретін видео әзірледі. Алдағы уақытта жасанды интеллект «Журналистика» мектебінде арнайы пән ретінде оқу жүйесіне енгізілмек.

Сонымен қатар, SDU студенттері мен медиа мамандары арасында ашық пікірталас

дегенмен оны тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану қажет екенін атап өтті. Бұл жиын медиа саласындағы мамандар мен жас журналистер арасындағы диалогтың маңызды екенін және осындай кездесулердің сала дамуына ықпал ететінін көрсетті.

SDU University ұйымдастырған бұл форум студенттерге тәжірибелі журналистерден үйренуге, медиа саласындағы жаңа технологияларды зерттеуге және болашақтағы кәсіби бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

**МЕМЛЕКЕТ ЖЫЛ САЙЫН
БІЛІМ САЛАСЫНА ҚАЖЕТТІ
ОҚУ ГРАНТТАРЫН БӨЛІП,
ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЫНА
ЖАҒДАЙ ЖАСАЙДЫ.
БҮГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ГРАНТҚА ТҮСУ МҮМКІНДІГІ
ЖЫЛЫНА ЕКІ РЕТ – ҚЫСҚЫ
ЖӘНЕ КҮЗГІ ҚАБЫЛДАУ
КЕЗЕҢДЕРІНДЕ БЕРІЛЕДІ.
АЛАЙДА ГРАНТ ИЕГЕРІ
АТАНҒАН ТАЛАПКЕРЛЕР
УНИВЕРСИТЕТКЕ ТҮСПЕС
БҰРЫН МЕМЛЕКЕТПЕН
АРНАЙЫ КЕЛІСІМШАРТҚА
ҚОЛ ҚОЯДЫ. ОНЫҢ БАСТЫ
ШАРТЫ – ОҚУ АЯҚТАЛҒАН
СОҢ ҮШ ЖЫЛ ЖҰМЫС ІСТЕП,
ӨТЕУІ ТИІС.**

Назерке Зиат есімді қыз екі жыл бұрын Алматы қаласындағы университетті бітірген. Алайда жақында оған сот шешімі бойынша мемлекеттің пайдасына 3 миллион теңге қайтару туралы қағаз келген. «Бізге оқу бітірген соң жұмысқа орналасу керектігін айтты. Бірақ мен жұмыс таба алмадым. Сол себепті жұмыссыз деген анықтамамды университетке өткіздім. Кейін банк бөлімшесіне жұмысқа тұрдым, оның анықтамасын да тапсырдым. Соған қарамастан, сот менің қатысуымсыз шешім шығарып, қарыз өтеу туралы қаулы қабылдады. Мұның себебін түсіне алмадым», – дейді ол.

Қазір Назерке мемлекеттік тапсырыспен магистратурада білім алуда. Алайда Қаржы орталығының мәліметінше, егер түлек оқуын жалғастырғанымен, араға бір немесе одан да көп жыл салып магистратураға түссе, онда грантты еңбекпен өтеу міндеті жойылмайды.

Назерке өз жағдайын былай түсіндіреді: «Өткен жылы магистратураға түстім. Сол себепті



ГРАНТТЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

жұмысымды тоқтатуға тура келді. Енді еңбек шартын орындау үшін жұмыссыз деген анықтама алайын десем, «Сен жоғары оқу орнында білім алып жатырсың, сондықтан бұл анықтаманы бере алмаймыз» дейді. Қазір не істерімді білмей отырмын».

ЗАҢГЕР НЕ ДЕЙДІ?

Бұл мәселеге қатысты заңгер **Нұрболат ИБРАЕВ** мынадай түсінік берді:

«Мемлекеттік грантпен оқыған студенттер келісімшарт талаптарын орындауға міндетті. Бірақ белгілі бір жағдайларда олар грантты өтеуден босатылады. Егер түлек жүкті болса немесе үш жасқа дейінгі баласы бар ана болса, I немесе II топтағы мүгедек ретінде танылса, күйеуі немесе әйелі тұратын елді мекенде жұмыс орны болмаса, магистратураға, резидентураға немесе докторантураға грантқа түскен жағдайда, бұл талаптан босатылады».

Заңгер студенттің сот шешіміне апелляциялық шағым түсіруге құқығы бар екенін атап өтті. Егер заң нормалары бір-біріне қайшы

келсе, оны сот арқылы қайта қарауға болады.

Қаржы орталығының дерегіне сәйкес, 2012 жылдан 2024 жылға дейін 300 мыңға жуық қазақстандық мемлекеттік білім грантының иегері атанған. Оның ішінде:

- * 29%-ы еңбек өтеу міндетінен босатылған,
- * 116 мың түлек (39%) жұмысқа орналасқан,
- * 22%-ы жұмыс істемейді,
- * 26 мың адам мемлекеттік грантты толық өтеген,
- * 3 мыңға жуық түлек мемлекетке шығынды өтеп берген.

Грант иегері әскери қызметте болған жағдайда, еңбек өтеу міндеті бір жылға кейінге шегеріледі. Ал жұмыссыз түлектер еңбек биржасына тіркеліп, сол арқылы грантты өтеу есебіне кіре алады.

Мемлекеттік грантқа түсу – зор мүмкіндік, бірақ оның белгілі бір шарттары бар. Сондықтан талапкерлер оқуын аяқтағаннан кейінгі міндеттерін толық түсініп, заң талаптарын ескергені жөн. Ал егер заң нормаларында қайшылықтар туындаса, сотқа жүгіну арқылы әділ шешім табуға болады.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

ЕЛДЕ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ КӨТЕРІЛДІ. БҰЛ ТАҚЫРЫП МӘЖІЛІСТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ КОМИТЕТІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА ТАЛҚЫЛАНҒАН БОЛАТЫН.



«Бұл – инфосығандар. Олардың кесірінен зардап шеккендер аз емес. Бірақ бізге келген істер көбіне азаматтық іс ретінде қаралады, қылмыстық іс қозғау қиын. Себебі олар заңды айналып өтуді біледі. Көптеген өзін-өзі жарнамалаған мамандардың мақсаты – пайда табу. Сол себепті халықтың алдануы жиіледі. Әлеуметтік желіде өзін эксперт деп жариялап, білімсіз адамдарды шатастырып жүргендер көп. Негізінде, мұндай жалған

ҚАПТАҒАН «ПСИХОЛОГ» ПЕН КОУЧТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН РЕТТЕЙТІН КЕЗ КЕЛДІ

Депутат Айна Мүсірәлімованың айтуынша, психикалық денсаулық орталықтарында 300 мыңнан астам қазақстандық есепте тұр. Бірақ салада маман тапшылығы өте жоғары.

Ал Қазақстан когнитивті мінез-құлық терапиясы қауымдастығының президенті Евгений Ян елдегі «психологтар мен шамандарды» ажырату қажеттігін атап өтті. Ол тек кәсіби білімі бар мамандарға ғана жұмыс істеуге рұқсат беру керек екенін айтты.

«Бірінші кезеңде жоғары білімі жоқ адамдарды психология саласынан шығару керек. Бакалавриат деңгейі, кәсіби қайта даярлау және жоғары білімі барлар ғана қалуы тиіс. Мамандарға біліктілігін арттыруға уақыт берілуі керек. Медициналық ұйымдарда клиникалық психолог статусы енгізілуі қажет. Консультативті практикада біліктілікті арттыру талаптары да белгіленуі тиіс», – деді ол.

Бұған қатысты Jas Qazaq тілшісі психологтар мен заңгердің пікірін сұрады. Психолог Меруерт Айталы бұл мәселеге басқаша көзқараспен қарайды:

«Қатып қалған қағида жоқ. Бастап жатқан мамандарды қолдау керек. Мен Германияда

диссертация қорғадым. Ол жақта жасың маңызды емес, бастысы – тәжірибең. Алдымен жұмыс істеп, содан кейін диплом алуға болады. Теорияны үйрену тәжірибеден жеңіл. Негізінде, психологтар кеңес бермейді, тек бағыт-бағдар көрсетеді».



Ал психосомат Нұрлан Несіпбай «бұл жай ғана ел арасындағы пікір» деп қысқа қайырды. Психиатр Санжар Тұрсынметов болса, «барлық психологтарда диплом болуы міндетті» деп санайды.

Ал заңгер Жандос Оразов жалған мамандарды заңмен ажыратып, жөнге салу керек деп отыр.

психологтар мен коучтарға Қылмыстық кодекстің 190-бабы – «Алаяқтық» бойынша іс қозғалуы мүмкін», – деді заңгер.

Айта кетейік, бұл жалғыз біздің елде көтерілген мәселе емес. Апта бұрын Ресейдің Мемлекеттік Думасында да депутаттар жалған

мамандардың қызметін заңмен шектеу қажеттігі талқылаған. Ал Өзбекстанда былтырдан бері әлеуметтік желіден және интернеттен психология аясындағы алаяқтардан тазарту жұмыстары жүргізілген.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ



БАЙҚАСАҢЫЗ, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ИНТЕРНЕТ ПЛАТФОРМАЛАРДА ҚЫЗДАРДЫҢ СЫЙЛАНҒАН ГҮЛДІ САТЫЛЫМҒА ШЫҒАРАТЫНЫ БЕЛЕҢ АЛДЫ. ӘСІРЕСЕ, 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕН КЕЙІН МҰНДАЙ ХАБАРЛАНДЫРУ ТІПТІ КӨБЕЙЕДІ.

Жігіт сыйлаған гүл біраз уақыттан кейін сола бастайды. Сондықтан кейбір қыздар гүлді сатып жіберген дұрыс дейді.

Мысалы, Алматыда хабарландырудағы гүлдер әр түрлі бағамен сатылып жатыр. Олардың бағасы 3 000 теңгеден бастап, 15 000 теңгеге дейін барады.

Бұл гүлдердің көпшілігі қолданылған («б/у» деп көрсетілген), бірақ кейбіреулерін «жаңа» деп жазып қояды. Демек гүлді біреуге сыйлық ретінде алып, кейін оны сатуға қойған жағдайлар да кездеседі.

Алматы тұрғыны ғашығына гүлді осы бір сатылым порталдарынан алғанын айтады.

«Себебі арзан, жаңасын барып жасатсам, қымбатқа түседі, әрі ол қызға ұнамай қалуы мүмкін. Жаңа гүл мен қолданылып сатылған гүлдің айырмашылығы аса білінбейді», – дейді.

Психолог Меруерт Айталы бұл құбылысты былай түсіндіреді:

«Қыздарда өзі эмоция алғаннан кейін басқасы да алсын деген мақсат болуы мүмкін. Егер қыз қаржы жағынан қиналса, құр босқа солып қалғанша сатқысы келеді».

Психологтың айтуынша, гүл алған қыздар алдымен шаттанып, сыйлықты қабылдайды. Біраздан соң пайда табу мүмкіндігін де ойлай бастайды.


Кейбір жігіттер мұны жақтырмай, «құнсызданған сыйлық» деп қабылдауы мүмкін. Бұл туралы психолог:

«Жалпы жігіттер қауымы шығындалып гүл алғаны, әрине, оның еңбегін құнсыздандырған секілді болуы мүмкін. Ол қалыпты жағдай. Бастысы, қыздардың гүл алған сәттегі эмоциясы.»

Гүлді сату – бұл кейбір қыздар үшін табыс көзі, ал басқалары үшін жай ғана қажетсіз заттан арылу

«Б/У» ГҮЛДІҢ САУДАСЫ.

ШЫН КӨҢІЛМЕН СЫЙЛАҒАН ГҮЛДІ САТУ ДҰРЫС ПА?



тәсілі. Бұл әрекетті қалай қабылдау – әр адамның өз көзқарасына байланысты. Ең бастысы, гүл сыйлау – әлі де көңіл бөлу мен қамқорлықтың белгісі болып қала бермек.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

ҚОҚИҚАЗ ҚАЙТА ОРАЛДЫ...



**МАҢҒЫСТАУҒА
АЛҚЫЗЫЛ ҚОҚИҚАЗ
ҚАЙТА ОРАЛДЫ.
БҰЛ ТУРАЛЫ
ЭКОБЕЛСЕНДІ, БЛОГЕР
АЗАМАТ СӘРСЕНБАВ
БЕЙНЕЖАЗБА
ЖАРИЯЛАП:
«ҚОҚИҚАЗ
МАҢҒЫСТАУҒА РЕСМИ
ТҮРДЕ ҚАЙТЫП КЕЛДІ.
БҰЛ ЖОЛЫ МАҢҒЫСТАУ
ОНЫ ҚАРМЕН
ҚАРСЫ АЛДЫ», –
ДЕП ЖАЗДЫ.**

Сурет: Азамат СӘРСЕНБАЕВТЫҢ видеосынан



Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА
Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)